Многие индикаторы рынка базируются на специальных конъюнктурных торговых и социологических опросах, опирающихся на мнения заинтересованных лиц: потребителей, производителей, участников торгового процесса, независимых экспертов и т. д.

К рыночным индикаторам относятся:

- вовлечение товарной массы в сферу рынка;
- товарооборот;
- товарные запасы (в стоимостном выражении или в днях оборота);
- цены (в денежных единицах или в отношении к доходу);
- прибыль (или рентабельность).

Одним из направлений конъюнктурного анализа является метод построения системы индексов деловой активности. К ним относятся показатели динамики рынка: темпы роста производства (или поставки) товаров, товарных запасов, цен и т.д. В качестве дополнительных индикаторов привлекаются такие характеристики рынка как численность населения; уровень дохода; региональные показатели розничных продаж и т.д.

Многие отечественные предприятия уже осознали необходимость такого рода обследования своей деловой активности, так как они намерены перейти к качественно новому этапу своего развития в высококонкурентной рыночной среде. Но чтобы от намерения перейти к практическим шагам, следует совершенствовать систему управления казахстанской экономикой, что требует внедрения маркетинга в хозяйственную практику предприятий. Необходимость и эффективность маркетинга как философии бизнеса и системы управления предприятием доказаны опытом хозяйствования во всех странах с рыночной экономикой.

Экономические реформы, осуществляемые в Казахстане около пятнадцати лет, привели к достижению высоких темпов экономического развития и повышению жизненного уровня населения. Следующим этапом должно стать совершенствование методов управления деятельностью компаний с целью повышения их конкурентоспособности, внедрения систем управления качеством и подтверждения соответствия производимой продукции и процессов производства лучшим мировым образцам и требованиям рыночных запросов.

Таким образом, установлено, что в условиях отечественной экономики маркетинг приобрел специфику, связанную с ускорением процессов становления и развития маркетинговой функции управления. Отечественные предприятия нуждаются в кадрах, обладающих достаточной квалификацией в области маркетинга, в консультировании по поводу повышения компетентности руководства в области маркетингового управления и маркетинг менеджмента, в проведении маркетингового аудита с целью оценки имеющегося качества маркетинга и определения возможностей его развития. Маркетинговая деятельность современной конкурентоспособной организации основана на результатах анализа стратегических и тактических задач маркетинга.

#### ЛИТЕРАТУРА

- 1 Особенности развития маркетингового анализа в Казахстане // Материалы международной научно-практической конференции «Теоретические и практические проблемы маркетинга на современном этапе». – Алматы, 2004. – С. 139–141.;
- 2 Организация маркетингового анализа на предприятии // Вестник КазНУ. Серия экономическая. – 2004. – № 6 (46). – С. 47–50.;

3 Беляевский И. К. Маркетинговое исследование : учебное пособие / И. К. Беляевский. – М. 2004. – 414 с.;

4 Моисеева Н. С. Управление маркетингом: теория, практика, информационные технологии : учеб. пособие / Н. К. Моисеева. – М. : Финансы и статистика, 2002. – 304 с.;

5 Ахметова К. А. Маркетинговая деятельность фирмы / К. А. Ахметова, М. Ж. Каменова, Г. Н. Накипова. – Астана: Фолиант, 2007. – 288 с.

### ПРАКТИЧЕСКОЕ ПРИМЕНЕНИЕ СЕРВИСНО-ТЕХНОЛОГИЧЕСКОЙ ИНФРАСТРУКТУРЫ ЭКОНОМИКИ В СИСТЕМЕ ИНТЕНСИФИКАЦИИ РАЗВИТИЯ РЕГИОНАЛЬНОГО ИННОВАЦИОННОГО ПРЕДПРИНИМАТЕЛЬСТВА

БОРОВСКИХ Д. Д., ОСМАНОВА Т. А., ХАХОЛОВА Н. Ю.  
студенты, ПГУ имени С. Торайгырова, г. Павлодар

Формирование сервисно-технологической инфраструктуры экономики должно оказать значительное положительное влияние на развитие регионального инновационного предпринимательства. Посредством использования и применения сервисно-технологической инфраструктуры экономики в регионах Казахстана должны быть сформированы мультипликативные инновационные производства с высокой добавленной стоимостью, прежде всего ориентированные на импортозамещение. При этом должна быть учтена существующая специфика промышленной ориентации регионов.

В Павлодарской области в соответствии с разработанной моделью, сервисно-технологическая инфраструктура экономики должна быть ориентирована на такие производственные сектора, как:

- металлургический комплекс (совокупность предприятий металлургической промышленности);
- химический комплекс (совокупность предприятий химической промышленности).

Так же, по нашему мнению, следует отметить, что применение сервисно-технологической инфраструктуры экономики может найти широкое применение в сельских территориях (в системе функционирования агропромышленного комплекса).

На современном этапе, во многих регионах Казахстана начата работа по формированию свободных экономических зон (СЭЗ), нацеленных на реализацию широкомасштабных инновационных производств. Сервисно-технологическая инфраструктура экономики в разрезе регионов должны быть непосредственно интегрирована с ними.

В ближайшей перспективе в Павлодарской области СЭЗ получат широкое распространение в химической и металлургических промышленности и при соответствующей инфраструктурной поддержке смогут выступать производственными операторами инновационной продукции с высокой добавленной стоимостью и ориентированной на внутренний спрос, который будут формировать конечные потребители (население области).

Особое внимание при применении модели сервисно-технологической инфраструктуры экономики необходимо акцентировать на принцип корпоративности при создании таких ее элементов, как:

- региональный научно-технологический парк;
- инновационный университет корпоративного типа;
- региональный логистический центр.

Принцип корпоративности предполагает, что учредителями ведущих элементов сервисно-технологической инфраструктуры должны выступать непосредственно сами промышленные предприятия.

Примерная модель практического применения сервисно-технологической инфраструктуры экономики к промышленному сектору Павлодарской области представлена на рисунке 1.

При формировании региональной экономики инновационного типа с учетом перспектив перехода на постиндустриальный уровень развития важное внимание необходимо уделять вопросам подготовки и переподготовки кадров как для самих инновационных производств, так и для ведущих элементов сервисно-технологической инфраструктуры. Важными составляющими в данном аспекте должны выступать:

- инновационно-ориентированный университет корпоративного типа;
- региональный центр рекрутинга и HR-менеджмента.




Рисунок 1 – Модель практического применения сервисно-технологической инфраструктуры экономики к промышленному сектору Павлодарской области

Основой создания университетов корпоративного типа выступают – Наблюдательные Советы. В мировой практике Наблюдательный Совет выступает учредителем вуза. Применительно для казахстанской практики, в частности для государственных вузов, в состав Наблюдательного Совета, в соответствии с рисунком 2, целесообразно включать как представителей Министерства образования и науки, так и представителей Министерства индустрии и новых технологий, представителей частных промышленно-производственных структур.

В современных рыночных условиях актуальным и приоритетным направлением подбора персонала является обращение в профессиональные рекрутинговые организации (кадровые или консалтинговые агентства).



Каждое рекрутинговое агентство ставит во главу угла клиентоориентированность как одну из своих главных задач. Целевой ориентир современных и преуспевающих рекрутинговых агентств – «обеспечить клиентские организации (бизнес-структуры) максимально возможным количеством квалифицированных сотрудников». Высокотехнологичные рекрутинговые агентства работают на основании использования следующих технологических принципов:

- массовый рекрутинг;
- поиск редких специалистов или управленцев среднего звена (executive search);
- «head hunting».



Рисунок 2 – Организационные элементы и приоритеты функционирования регионального инновационно-ориентированного университета корпоративного типа

В обозримом будущем, по нашему мнению, инновационно-ориентированные университеты корпоративного типа и современные профессиональные рекрутинговые агентства в Республике Казахстан изменят взгляды промышленных структур на управление человеческими ресурсами, как важнейшего капитала в инновационном предпринимательстве. При этом парадигмы взглядов на человеческий капитал примет вид в соответствии с таблицей 1.

Таблица 1 – Динамика парадигмы управления персоналом в организациях и бизнес-структурах

Периоды трансформации	Концепция парадигмы	Содержание концептуальных подходов
20 – 40 годы 20 века	Использование трудовых ресурсов (labour resources use)	Экономический подход. Работник – исключительный носитель трудовой функции и живое «дополнение» производственного капитала (зданий, сооружений, машин, технологий, оборудования)
50 – 70 годы 20 века	Управление персоналом (personnel management)	Органический подход. Работник – субъект трудовых отношений, личность.
80 – 90 годы 20 века	Управление человеческими ресурсами (human resource management)	Проорганический подход. Работник – ключевой стратегический ресурс организации.
21 век	Управление человеком (human being management)	Гуманистический подход. Не люди для организации, а организация – для людей.

В комплексе практическое применение сервисно-технологической инфраструктуры экономики к промышленному секторам регионов Республики Казахстан позволит:

- ускорить индустриально-инновационное развитие регионов и инновационное предпринимательство;
- создать хорошие условия для реализации инновационных проектов и бизнес-идей;
- в значительной степени повысить конкурентоспособность региональных экономик и национальной экономики в целом;

– обеспечить высокий уровень устойчивости казахстанской экономики к мировым глобальным экономическим кризисам.

#### ЛИТЕРАТУРА

- 1 Теория и определение аутсорсинга. Интернет источник: <https://ru.wikipedia.org/wiki/Аутсорсинг>;
- 2 Дж. Брайан Хейвуд. Outsourcing Dilemma, The: The Search for Competitiveness. — М.: «Вильямс», 2013. – С. 176.;
- 3 Макарова И. К. Управление человеческими ресурсами: пять уроков эффективного HR-менеджмента / Макарова, И. К. - М. : Дело, 2012. - 231 с.;
- 4 Глазьев С. Ю. Интеллектуальная экономика - технологические вызовы 21 века / Глазьев, С. Ю., Сабден, О., Арменский, А. Е. - Алматы : Эксклюзив, 2011. - 320 с.

#### МАРКЕТИНГТІ БАҚЫЛАУ ЖӘНЕ ЖОСПАРЛАУ

ЖУБАНИЯЗОВА А. А., МЕЙРАМБЕКҰЛЫ А.  
студент, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.  
СУЛТАНБЕКОВ М. Б.  
доцент, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасының экономикасы түбегейлі жүйелік өзгерістер кезеңін басынан өткізіп жатыр. Кәсіпорындар мен ұйымдарда басқарудың жаңа жүйесі қалыптасып келе жатқан кезеңнің негізгі құрамдарының бірі – маркетинг жүйесі. Қазақстанның маркетингтің қалыптасуының қажеттілігі жалпы әлемдік басқарудың теориясы мен практикасының тенденцияларымен анықталады. Қазақстанда маркетинг жүйесінің қалыптасуы бағыттары мен мүмкіндіктерін, шарттарын анықтау мақсатында маркетингтің дамуының теориялық тұжырымдамаларын құру және оның тәжірибесін талдау маңызды мәселелердің бірі. Нарықтық экономиканың эволюциялық жолына түскен Қазақстандағы маркетингтің дамуы нарық заңдары мен қағидаларынан туындайды. Маркетингті игеру және оның кәсіпорындағы басқару жүйесімен бірігуі нарықтық экономиканың даму деңгейін көрсетеді. Нарықтағы қатаң бәсеке, халықтың төлем қабілеттілігінің төменділігі, кәсіпорынның айналым құралдарының жеткіліксіздігі, өндірістік шығындардың үнемі өсуі отандық өнімнің бәсеке қабілеттілігін төмендетіп, өткізуді қиындатуда. Бүгінгі

таңда қалыптасқан экономикалық жағдайларда кәсіпорындар алдында тұрған жаңа мәселелерді пайымды шешу маркетинг принциптері мен әдістерін қолдану арқылы жүзеге асады. Осы тұрғыда маркетинг өндіруші көзқарасындағы тиімді шығын мен пайда кезінде сұранысты табу, болжау және оны қанағаттандыруға байланысты тұтынушыға негізделген тауар өндіру және басқару жүйесі ретінде сипатталады. Қазақстан Республикасында өндірілетін тауарлар мен қызметтердің көпшілігі бойынша тұтынушылар мұқтажының қанағаттандырылуы деңгейі әлі де төмен, осы кезде өндіріс құралдары мен жекелей түрлерінің дамуы әр түрлі қарқынды жүруі салдарынан айтарлықтай ішкі салалық және аймақтық диспропорциялардың болуына әкелді. Қазақстан Республикасы экономикасында болып жатқан құнсыздану үрдісі, жалпы өндірістік қуаттылықтар құнының қымбаттауы, сонымен қатар кәсіпорындардың қалыптасқан қаржылық жағдайындағы өз қоры есебінен дамыту және жаңғырту айтарлықтай ауыртпалықтар туғызады. Осындай көптеген ауыртпалықтарды жеңуде маркетинг ғылым, кәсіпкерлік және нақты уақытпен тексерілген тәжірибелік әдістердің қоспасы ретінде нарық шарттарында кәсіпорындардың іс-әрекетін жетілдіру мен өндірістік, өткізу, қаржылық және тағы да басқа сол сияқты кең аумағында көптеген қателіктерден құтылуға көмектесуге қолайлы жағдайлар құратын әмбебап жүйе болып табылады. Бүгінгі күнгі маркетингтің әр сипаттағы барлық анықтамалары толықтай тауар нарығымен тығыз байланысты болады және оған қатысты жекелей қолданылу ауқымына қарай тұтынушылық, өнеркәсіп тауарлары және қызметтері аумақтары бөлінеді. Сату көлемін ұлғайту және пайда табу үшін сапалы тауарлар мен қызметтерді иелену жеткіліксіз, ол үшін тұтынушылардың осы тауарлардан алатын пайдасын олардың санасына жеткізе білу керек.

Кәсіпорынның маркетингтік қызметінің барлық бағыттары бойынша тәптіштелген жоспарлар әзірлеу. Мұндай маркетинг-жоспарлардың құрылымында негізгі көрсеткіштердің тізбесі, рыноктардың, олардың негізгі бөліктерінің, тұтынушылардың (сатып алушылардың), бәсекелестердің сипаттамасы, бәсекенің салдарынан болатын ықтимал қиындықтарды талдау, бәсекелестік артықшылықтар, жоспарлы кезеңде фирма қол жеткізуге тиіс тұжырымдалған мақсаттар, маркетинг стратегиясын - оның барлық кешені, мақсатты рыноктар, шығындардың деңгейі бойынша қызметінің бағдарламалары, оның барлық ұстанымдары бойынша нақты іс-қимылдары, болжалды пайданың есебі, жоспардың

орындалуы барысына бақылау жасау қамтылады. Фирма өнімнің (тауарлардың) бірнеше түрлерін, алуан түрлі сұрыпталымдық топтарды өндіретін, түрлі рыноктарда жұмыс істейтін жағдайда әрбір жайғасым бойынша жеке маркетинг-жоспар жасалады. Осы жұмыстың маркетинг жоспарлау жолдарын оның мақсаттары жөнінде және т.б. маркетинг қызметтері жүзеге асыру барысында қолданылатын жоспарлау түрлерімен және оларды бақылау процесімен танысамыз.

Маркетингтік жоспар – маркетингтік қызметтің мақсаттар, стратегиялар, осымен қатар олардың нақты уақыт аралығында іске асыру шараларының жиынтығы.

Маркетингтік жоспардың мақсаты- стратегиялық жоспарда көздеген өндірістің ,сатудың,табыстың өсуін іске асыру

Маркетингтік жоспарға өндіріс жоспарлары,тауарлар шығарудың ,нарықтық қызметтің, маркалы бұйымдарды шығарудың жоспарлары да жатады.

Әдетте, маркетингтік жоспарлаудың уақыт мерзіміне байланысты 3 түрі болады:

- ұзақ мерзімді жоспар;
- орта мерзімді жоспар;
- жылдық жоспарлау.

Ұзақ мерзімді жоспарда(5-10 жыл) әрбір нақтылы тауар бойынша осы тауардың нарығына ықпал жасай алатын факторлар анықталады, жоспарлы кезеңнің мақсаты ,пайдаға жеткізетін стратегиялық тәсілдер байыпталады. Әрбір жылдың нәтижесі бойынша ұзақ мерзімді жоспар өзгертіледі және толықтырылады.

Орта мерзімді жоспарда (2-5жыл)нақтылы жағдайдағы кезеңге байланысты болып келеді,өйткені ол өте алыс болашақты қамтымаған. Бұл жоспарлауда ұзақ мерзімді жоспардағыдай болып келеді.

Жылдық жоспарлау –бұл ұзақ мерзімді жоспардың сол жылда іске асыруға міндеттілерінің тарамдалған нұсқасы. Жылдық жоспарда маркетингтік жағдайлардың,мүмкіндіктер мен қатерлердің ,әрбір өндірілетін тауар тарапынан туатын мақсаттар мен міндеттердің толық сипаттары берілді,маркетинг стратегиясы және осы жылдық іс-қимылдың бағдарламасы баяндалады.

Маркетинг жоспары – бұл құжаттар жоспарларының мамандандыруы, ол белгілі бір уақыт кезеңінде маркетингтің мақсатын іске асырушы үшін құрылған. Маркетинг жоспары әрбір стратегиялық шаруашылық бөлімшелер (СШБ) үшін құрылады

және оған азық – түлік желілер үшін жоспарлар және бөлек базалар бойынша өнімдер түрі үшін жоспарлар кіреді. Әдетте компаниялар: жылдық, ұзақ мерзімді және стратегиялық жоспарлар құрады.

Ұзақ мерзімді жоспар – негізгі факторлар мен күштерді бейнелейді, олар келесі жылдар бойында ұйымдастыруға әсер етеді. Оған ұзақ мерзімді мақсаттар, негізгі маркетингтік стратегиялар, ресурстар жатады.

Стратегиялық жоспар – әрдайым өзгергіш ортада компанияға өз мүддесіне мүмкіндіктерді қолдануға көмек көрсету үшін құрылады. Ол терең мақсаттар мен компанияның борышын анықтаудан басталады, содан кейін SWOT-талдаудың нақты мақсаттары белгіленеді (компанияның мықты және әлсіз жақтары жайлы және мүмкін қауіп-қатер туралы есептеме).

Стратегиялық жоспарлауға бірнеше компоненттер кіреді: Борыш (компанияның негізгі мақсаты). Мыс: әр адамға компьютерлер сатып алуын ұсыну. Стратегиялық аудит (нарықтардың детализир. зерттеуі, экономикалық ортадағы бәсекелестіктер, мұнда ұйымдастыру, баланс, пайда мен шығындар есебі функционалды болады) SWOT-талдау (мықты, әлсіз жақтар және қауіп-қатер). Бизнес – қоржының талдауы (қызмет түрлерін белгілеп, бағалайтын әдіс және мұнымен компанияның өзі айналысады). Мақсаттары мен стратегиялары (өркендеу стратегиясын құру).

Маркетингтік жоспарлаудың кезеңдері. Маркетинг жоспары бірнеше кезеңдерден құрылады:

1) Жағдайлы талдау. Мұнда маркетингтік іс-әрекеттерге әсер ететін факторлар белгіленеді, өткен жылдың тәжірибесі қарастырылады (өткен кезеңнің сатылымы, шығындары). Сонымен қатар нарық жағдайын және +, - бәсекелестік тәжірибесін зерттеуін ұйғарады, келешек кезеңде бәсекелестіктің жағдайы мен іс-әрекеттерін болжайды;

2) Маркетинг мақсаттарын белгілеу: мақсаттар жүзеге асырылуы керек. Мыс: сату көлемін 10%-ға көтеру;

3) Маркетинг стратегиясын анықтау. Маркетинг стратегиялары – бұл фирманың перспективті бағыты. Олар қойылған мақсаттар, тұтынушылар, сатып алушылар болжамы мен талдауы және кәсіпорын мүмкіндігінің негізінде құрылады;

4) Тәжірибелік іске асыру бағдарламасының жетілдіруі. Оған маркетингтік стратегияның барлық элементтері кіреді: айлық кестелер, бұл кестелерде өткізіліп жатқан жұмыстардың бастапқы және соңғы нәтижелері және оларға бөлінген қаражат көрсетіледі.

Мыс: жарнамалық компания, қызметкерлер жарнамалық агенттігін тауып, жарнама бөлінісінің таңдауын анықтайды, жарнаманы бекіту, және т.б.;

5) Маркетинг бюджетін дайындау. Бюджет кесте түрінде көрсетіледі, мұнда ұйғарымды табыс пен шығын, пайда көлемі көрсетіледі. Маркетинг бюджеті жоғарыдағы басшылармен бекітіледі;

6) Бақылау. Маркетингтік даярлық жоспары, барлық кезеңдерді өтіп, жоғарыдағы басшыларға жазбаша түрде ұсынылады. Есепке аннотация мен тезистік тізбекте мазмұндама қосылады.

Маркетингтік жоспарды іске асыру үшін сәйкесінше қаржылық қамтамасыздандыруды қажет етеді.

Маркетингтің бюджеті- маркетинг жоспарының бөлімі, жоспарланған пайда, шығын және түсім көлемі. Маркетинг тәжірибесінде маркетингтік бюджетті анықтау үшін бірнеше әдістер қолданылады:

1) Жағдай жасау әдісі (қаражат болуына байланысты). Маркетингтен басқа, негізінде өндіріске қаражат бөлінеді. Қаражаттың қалғаны коммуникацияның жылжуына бағытталады. Өндіріске күшті бағдарлануда бұл әдіс қолданылады. Жетіспеушіліктер: Жылжуға аз көңіл бөлінеді. Мақсаттар мен шығындар арасындағы байланыстың болмауы. Жылжуға қаражаттың болмауының қауіп-қатері;

2) Өсім әдісі. Бюджет келешек қаржыландыру негізінде құрастырылады, олардың белгілі бір бюджетін азайтады немесе көбейтеді. Артықшылығы: Өсімді анықтаудың жеңілдігі, өткен жеңістер мен келешек беталысы ескеріледі. Жетіспеушілігі: бюджет көлемі мақсаттар мен байланыспайды, интуиция рөлі үлкен;

3) Бәсекелеспен паритет әдісі. Берілген әдіс бәсекелестер маркетингі шығындар есебін қажет етеді. Қиыншылығы: бәсекелестің мүдделері мен нарықтың жағдайымы бойынша жақындықты таңдау қиын. Артықшылығы: нарыққа бағдарланған, жылжуға шығындар көлемінің нақты шегін анықтайды. Жетіспеушіліктер: көшбасшының емес қуып жетушінің әдісі, бәсекелестердің маркетингке шығындарын анықтау қиын;

4) «Сатудан үлес». Фирма өткізудің түсімі мен маркетинг бюджетін байланыстырады. Артықшылық: Стабылым мен жылжу базаларының өткізу көлемін пайдалану. Жетіспеушіліктер: Мақсаттармен байланыстың болмауы, маркетинг шығындары нашар өткізу кезеңінде азаяды және жақсы өткізу кезеңінде көбейеді;

5) «Мақсаттар мен міндеттер» әдісі мақсаттарды нақты қалыптастырып, өзіндік бюджетті анықтау. Бұл таңдаулы әдіс. Артықшылық: мақсаттар мен міндеттер шығындарының байланысы, жеңілістер мен жеңістерді бағалау мүмкіндігі;

6) «Инвестицияны қайтару» әдісі. Маркетингтің әр түрлі элементтеріне шығындардың пайдасы есептеледі. Жаңа өнім енгізуіне жарнама шығындарынан пайдасының көптігі, өткізуді ынталандыру, персоналды сатылымдар. Сәйкесінше маркетингтік қызметтің пайдалы бағыттауына көп қаражат жоспарланады.

Қазақстандық кәсіпорындар үшін ең алдымен қызметтің басқа түрлерінің қаражат үнемдеуіне әкелетін тауарларды қаржыландыру беталысы мінезді, оларға маркетинг те кіреді.

Еліміздегі көптеген компаниялар маркетингті жоспарлаумен шұғылданбайды. Шағын фирмалардың менеджерлері тек ірі корпорацияларға ғана маркетингті жоспарлаумен айналысады деп есептейді. Қазақстандық компаниялардың кейбір мамандары нарық өте жылдам өзгереді, сондықтан оны жоспарлау қажет емес деген көзқараста. Мұндай тұжырым қате, жоспарлауды қолданатын компаниялардың жеткен жетістіктеріне көз жүгіртсек, жоспарлау қажет екендігі айқын аңғарылады. Нарықтағы қарқынды өзгерістер шын мәнінде жоспарлау барысын қиындатады. Алайда фирма басшылығына өзгерістерді болжауға, оларға барабар қимыл-әрекет жасауға тек мұқият жоспарлау ғана көмегін тигізеді.

Америкалық төрт жүз жетекші компанияны зерттеу мәліметтері жоспарлауды жүйелі жүргізетін компаниялардың сату көлемдері мен пайдасы жоғары қарқынмен өсіп тұратынын көрсеткен.

Маркетингтік жоспарлар оны құрастыратын менеджерлердің міндеттері бөлінбегендіктен, жүзеге асырудың бағдарламасы мен жұмсалатын шығындары анықталмағандықтан, тәжірибе жүзінде іске аспайды.

Маркетинг жоспарларын ұтымды етіп жасап, оны зор табыспен жүзеге асыру үшін нысанды амалдар (процедуралар), ұйымдастыру жүйесі, сауатты әдістеме, жазбаша жоспардың болуы қажет.

Маркетингтік жоспар айқын көрсетіліп, ұжымда талқылануы керек. Жоспарлауға қатысушы менеджерлер маркетинг жоспарын әзірлеудің мәнін, рөлін, мақсаттарын, талдау мен жасау тәсілдерін білгені жөн. Жоспардың табысты орындалуы үшін менеджерлер арасында міндеттерді дұрыс бөліп, оның жасау мерзімін, бюджетін белгілеу қажет.

Маркетингтік жоспарлар корпорация және оның бөлімшелері, стратегиялық шаруалық бөлімшелер /СШБ/, компания, өнім түрлері және жеке өнім, жеке нарықтар және маркетинг кешенінің әрбір элементі бойынша жасалынады.

Маркетинг жоспарлары мынадай белгілер бойынша бөлінеді:

- қамту ауқымы;
- іс-әрекет ету мерзімі;
- мәнділігі;
- өзірлеу әдістері.

Қамту ауқымы бойынша жоспарлар үш топқа бөлінеді: жалпы, біріккен (интегрированные) және ерекшелікті.

Мәнділігі бойынша маркетинг жоспарлары стратегиялық және тактикалық болып бөлінеді. Стратегиялық маркетингтік жоспар басты мақсаттарды анықтайды, ал тактикалық жоспар оларды егжей-тегжейлі қарастырады.

Нарықтық жағдай мен мүмкіндіктерге негізделген стратегиялық маркетингтік жоспар ғаламдық мақсаттар қойып, компанияның даму келешегін белгілейді. Тактикалық жоспар ағымдық міндеттерді шешуге бейімделген және бағаны, жарнаманы, өткізу арналарын, қызмет көрсетуді жоспарлау үшін пайдаланатын әдістер мен құралдардан тұрады.

Стратегиялық жоспар жылдық маркетингтік жоспарға ықпалын тигізеді. Мысалы, жылдық маркетинг жоспарының мақсаттары бесжылдық стратегиялық жоспарда белгіленген мақсаттар арқылы анықталады.

Маркетинг жоспарын жасау кезінде әр түрлі тәсілдер қолданылады. Кейбір кәсіпорындарда өнімнің белгілі бір түрлеріне арналған маркетинг жоспарлары жасалуы мүмкін, ал басқаларында олар белгілі бір нарыққа ену мақсатымен және оның жағдайын жақсарту үшін құрастырылады немесе жоспарлар өнім түрлерімен әрбір нарық үшін жасалуы мүмкін. Сондықтан маркетинг жоспарлары бірыңғай болуы, сонымен қатар оған жеке ішкі жоспарлар кіруі мүмкін.

Өзірлеу әдістері бойынша маркетинг жоспарлары былай бөлінеді: жоғарыдан төмен жоспарлау, төменнен жоғары жоспарлау, қарсы жоспарлау.

Жоғарыдан төмен жоспарлау әдісінде басшылық маркетинг мақсаттарын анықтап, жоспарды әзірлейді, тиісінше оларды өзірлеу бойынша жауапты болады.

Төменнен жоғары жоспарлау әдісі бойынша маркетинг бөлімі өз мақсаттарын айқындап, маркетингтік жоспар әзірлейді оны жоғары басшылық бекітеді. Мұндай жағдайда қызметкерлер жоспарлау мен басқару барысына шығармашылық түрде қатысып, белгілі бір жауапкершілікті көтереді.

Қарсы жоспарлау әдісінде жоғарыдан төмен мақсаттар анықталып, төменнен жоғары жоспарлау жүзеге асырылады. Жоғары басшылық фирманың мүмкіндіктері мен қажеттіліктерін анықтап, бір жылға арналған жалпы мақсаттарды белгілейді. Олардың негізінде жоғары басшылық бекітетін маркетинг жоспары әзірленеді. Ең ақырында кәсіпорынның тұтас жоспары жасалынады. Іс жүзінде жоспарлау барысы былайша жүзеге асады: маркетинг менеджері нарық, сату, жүргізілетін маркетинг саясаты туралы қажетті мәліметтерді жинайды және талдайды. Осы мәліметтер негізінде өндірістік, қаржы және персоналдық жоспарлар құрылады. Жоспар әзірленіп, бекітілген соң маркетинг бөлімі маркетингтің қорытынды жоспарын жасайды. Тәжірибеде көбінесе жоспарлаудың үшінші әдісі жиі қолданылады. Маркетинг жоспарын құрастыру, талдау, жоспарлау, жоспарды жүзеге асыру, бақылау кезеңдерінен тұрады.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1 Есимжанова С.Р. «Маркетинг» – Алматы «Экономика», 2010 – 460 б.;

2 Илиясов Д.Қ. «Маркетинг теориясы мен практикасы», Алматы, Қазақ Университеті, 2012.

#### ЭКСПОРТ ПЕН ҰЛТТЫҚ ЭКОНОМИКА

ЖҰНҰСХАН Т. Қ., ҚЫРЫҚБЕСОВ Қ. Ж.  
студент, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.  
СУЛТАНБЕКОВ М. Б.  
доцент, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

Экспорт пен ұлттық экономиканы дамытудағы мемлекеттің ролін бүгінде экономикалық ғылымда ешкімде жасырмайды. Өйткені ұлттық шаруашылықты дамытуда халықаралық сауда оның ішінде экспорт ерекше әсер етеді. Бұл жағдай экономикасы дағдарыс жағдайында тұрған елдерге қатысты болып келеді.

Сыртқы сауданың құрамдас бөлігі болып, динамикасы сыртқы сауда айналымының өсуін немесе азаюын көрсететін экспорт пен импорт табылады. Атап айтсақ экономикалы тиімділік нені сыртқа шығару, нені ішке кіргізу керектігін анықтайды. Сауда теорияларына сәйкес айтарлықтай тиімді болып экспорт табылады, өйткені ол елімізге табыс, валюта әкеледі, жұмыс ең қамтиды тағы басқалар. Аталған артықшылықтар оның қызметіне байланысты. Анықтаушы қызметі болып табылатындар:

а) ішкі рыноктың шегін кеңейту есебінен сұранысты ұлғайту арқылы ұлттық экономиканы дамытуды ынталандыру қызметі;

б) тауарлардың сапасын көтеру жағдайында жалпы ішкі өнімдегі табиғи-заттық құрылымын әртүрлендіру, өндірісті трансформациялау қызметі;

в) еліміздегі үстемдік етуші монополияларды сыртқы рынокқа итермелеп, оларды өздері сияқты монополиялық бірлестіктермен бәсекеге түсуіне жағдай жасайтын антимонопольдық қызметі;

г) ұлттық экономиканы тиімдірек мамандандыру қызметі;

д) ішкі рынокпен шектелмейтін өндіріс қуатын тиімдірек пайдалану қызметі. Бұл Кеңестік социалистік республикалар одағы бұрынғы Кеңестік социалистік республикалар одағының біртұтас халық шаруашылығы шегінде ірі масштабты өндіріс ретінде есептелген Қазақстанның өндірісі үшін өте маңызды.

е) экспорт саласындағы жаңа технологияларды, негізгі қорларды жаңарту қызметі;

ж) еліміздің төлем балансын жақсарту қызметі.

Осы жерде экспорттың дамушы елдердің нарықтық экономикасы өсер ететін арнайы қызметін де айта кеткеніміз жөн. Олар:

а) экономикалық дағдарыстың салдарын жеңілдету қызметі.

б) экспорттық салаларға шетел капиталдарын тарту;

в) сыртқы экономикалық байланыстардың есебінен дифференциациялаудың есебінен еліміздің экономикалық тәуелсіздігін күшейту қызметі. Бұл ұлттық экономиканың жекелеген немесе біріккен елдердің тобына тәуелді болуын әлсіретеді.

Сондықтан да жас егеменді республикалар экспортты бақылап отырды. Қазақстан да шет қалған жоқ. Тәуелсіз дамуымыздың алғашқы жылдарында Үкімет ішкі рыноктағы сұранысты өтейтін және ұлттық экономиканың дамуына қажетті стратегиялық ресурстардың экспортына қатаң бақылау орнатып экспорттық шектеулерді пайдалану арқылы экспортты реттеуге ден қойды.

Республикамыздың экспорты шикізатқа бағытталған, сондықтан да еліміздің экономикалық жағдайы шикізат пен полуфабрикаттың әлемдік нарықтағы жағдайына тәуелді. Егер де сыртқа шығарылатын өнімнің бәсеке қабілеттілігі бір жағынан табиғи құрылымымен, ал екінші жағынан экспорттық бағасымен анықталады.

Ал осы экспорттық баға Қазақстанда салыстырмалы артықшылықтардың кесірінен өте төмен, ал экономикамыз мұнай мен металлургиялық өнімдердің тау-кен шикізатының әлемдік тауар рыногының тұтқыны болып қалып отыр.

Сыртқы сауданың талдауына сүйенсек сыртқы сауданың көлемінің артуы ішкі рыноктағы сұраныстың төмендеуімен мұнайдың түсті және қара металлдың негізгі тұтынушылары болып табылатын машина құрастыру, химия және нефтехимия салаларындағы өндірістің төмендеуімен байланысты. Мысалы, 1998 жылы машина құрастыру саласындағы өндірістің көлемі 1997 жылы салыстырсақ 1/3 қысқарған, ал химия өнеркәсібі – 37 % азайған.

Ұлттық экономиканың заманға сай дамуында таяу жылдарда көптеген сарапшылардың ойы бойынша, әлемдік қаржы рыногындағы дағдарыс пен экономиканың цикльді дамуының ерекшелігіне байланысты экспортты арттыру тенденциясы басымырақ болады (1-кестені қараңыз).

Кесте 1 – Әлемдік экспорт (млрд. долл.)

	1991	1992	1993	1994	1995	1996	1997
Тұтас әлем соның ішінде:	3418	3659	3648	4166	4950	5161	5641
ОЭСР	2592	2742	2691	3032	3613	3745	4138
Басқа елдер	826	917	957	1134	1337	1416	1503
Аймақтық топтар							
ЕО	1475	1563	1451	1655	2013	2100	2279
АТЭС	1324	1442	1542	1758	2054	2119	2394
НАФТА	549	581	607	672	776	832	948
АТЭС (НАФТА қоспағандағы)	775	861	935	1086	1278	1287	1446

Келтірілген мәліметтерді талдайтын болсақ әлемдік рынокта оңтүстік – шығыс Азия елдерінің позициясы күшеюде, сонымен қатар дамушы елдер арасында халықаралық сауда өсіп отыр. Әлемдік саудадағы Азияның (Жапониясыз) үлесі Солтүстік Американың үлесінен асып түсіп, өсе түсуде.

Дамушы елдер тарапынан экспорттық экспансия күшеюде. Экспорттық квотаның көрсеткіші дамыған елдер үшін 27%, дамушы елдер үшін 12%, ал өтпелі кезең экономикасындағы елдер үшін (Ресейсіз) 5,5% құраған. Шикізатты экспорттайтын жекелеген елдердегі экспорттық квота ортадан жоғары деңгейде. Осыған сәйкес жағдай Қазақстанда да орын алып отыр, біздегі экспорттық квота 1991 жылы 61,4%-дан 1998 жылы 35% дейін қысқарған. Бұл негізінен жалпы ішкі өнімдегі екі есеге азаюының есебінен болған.

Экспорттың импорттан айтарлықтай көп болуы нақты ресурстардың елімізден шын мәнінде кетуін білдіреді. Бұл жағдайда экспорттық квота ашықтық деңгейін көрсетпейді, керісінше республиканың шикізатқа бағытталғанын көрсетеді. Сонымен бірге экспорттық квота мен экономиканың өсуі арасында тікелей байланыс бар.

Ал енді 1 және 2 кестелердегі мағлұматтарды салыстырсақ барлық елдер үшін олардың экономикалық даму деңгейлеріне қарамастан сыртқы сауда мен ұлттық экономиканың өсу қарқыны арасында тікелей байланыс тән. Осылайша ОЭСР елдерінің сыртқы саудасы 1991 жылы 2592 млрд. доллардан 1997 жылы 4138 млрд. долларға яғни 59,6% артқан (2-кестені қараңыз).

Осы жағдайда жыл сайынғы халықаралық айырбастың өсу қарқыны 8,5% құраған. Осы байланыс өтпелі кезең экономикасындағы елдер үшін де тән болып келеді. (3-кестені қараңыз).

Ал енді 3 кестедегі мағлұматтардың негізінде республиканың экспорттық салаларында экспорттың көлемінің өсуі, ал басқасында азаюын байқаймыз. Осы жағдайда жолшыбай газ бен шикі мұнайды артып жіберу көлемі өндіру көлемінен 5% асып түскен. Тау-кен өнеркәсібінде 1998 жылы өндірілген барлық өнім түгелімен жөнелтілген. Түсті металлдарды және қара металлдарды өндіру секілді қызмет түрлерінде жөнелтілген өнімнің көлемі өндірілген өнімнің көлемінен асып түскен. Осылайша республикамыздағы экспорттың өсуі, өндірістің өсуінен асып түскен.

Кесте 2 – Әлемдік шаруашылықтың өсуі қарқыны (% өткен жылға)

	1990	1991	1992	1993	1994	1995	1996	1997	1998
әлем	2,8	0,8	1,8	1,4	3,0	2,5	3,0	3,2	3,0
Өндірістік Дамы-ған Елдер	2,9	0,7	1,6	0,8	2,7	2,1	2,4	2,6	2,5
Өтпелі кезең экономикасындағы елдер	1,6	-8,1	-13,0	-9,2	-7,0	-1,1	-0,3	1,7	3,25
Дамушы елдер	2,4	3,3	5,1	5,2	5,6	4,6	5,7	5,7	5,0
Жан басына шаққанда ЖІӨ өсуші елдер қатары	106	70	75	67	96	107	120	120	131
Іріктеудегі елдердің жалпы саны	127	128	142	143	143	143	143	143	143
Сатып алу қабілетінің паритеті тұрғысынан сал-мақты пайдалану арқылы есепте-лінген өсудің қарқыны	3,1	1,2	2,2	2,4	3,7	3,4	3,8	4,1	4,0

Экспортты талдау көрсетіп отырғандай сыртқы сауданың көлемінің артуы, ішкі рыноктағы сұраныстың төмендеуі, мұнайды негізгі тұтынушылары болып табылатын химия мен мұнай-химия және машина жасау, түсті және қара металл салаларындағы өндірістің құлдырауы есебінен болып отыр.

1998 жылы машина жасау саласындағы өндірістің көлемі, 1997 жылы салыстырғанда 1/3, химия саласында 37% қысқарған.

Ұлттық экономиканың интернационалдануы процесінің терендеуі жағдайында экспорттың рөлі артып отыр. Экспорттың есебінсіз халық шаруашылығының қолайлы құрылымына қол жеткізу мүмкін емес. Осыған байланысты «салалық құрылымды оптимизациялау» деген ұғымның уақыттағы бағытын анықтайтын өндірісті приоритетті дамыту деген пікірдегі экономистердің көзқарасы кеңінен етек жайып отыр.

Кесте 3 – Қазақстанның жалпы өнеркәсіп өндірісіндегі жекелеген тауарлардың топтарының экспортты мен салалардың үлес салмағы(%)

Тауарлар	Барлық экспорт, 100%					Сала	Өнеркәсіптік өндірістің көлемі, 100%				
	1993	1994	1995	1997	1998		1993	1994	1995	1997	1998
Түрлі-түсті металдар	17,1	16,4	14,2	14,7	14,2	Түрлі-түсті	13,4	12,0	12,1	13,7	12,8
Қара металдар	16,7	16,5	14,2	17,6	13,4	Қара	10,5	11,9	13,8	12,0	5,7
Мұнай мен газ конденсаты	—	17,0	16,0	24,2	29,9	Мұнай газ өндіру	4,1	6,2	10,9	13,1	16,5
Машина құрал-жабдықтар көлік құралдары аспаптар	—	10,0	5,0	4,0	2,0	Машина жасау металл өңдеу	9,9	7,3	5,8	5,0	4,0
Тағамдар және оларды өндіруге қажетті шикізаттар	10,7	6,0	11,0	12,0	9,0	Тамақ	11,4	9,9	10,8	11,4	11,6

Бірақ та бұл түсінік дәл түсінік емес. Мысалға, Америка Құрама Штаттары өзінің салалық құрылымын оптимизациялау үшін шетелдік өндірушілерге ішкі тауар рыногының айтарлықтай бөлігін беріп қана қоймай, былғары аяқ-киім, металл, тоқыма тауарлары өнімдерін, сонымен қатар химия мен машина жасау өнеркәсібінің жекелеген секторларының өнімдерін өндіру үшін әлемдік рыногын да әрдайым ұсынып отырған. Бұл арзан импорт тауарлардың көмегімен бәсекеге қабілетсіз салаларға қатты соққы беру үшін жасалынған. Сонымен бірге мемлекет кейбір салаларға шикізат пен отынға деген бағаның құлдырауы есебінен өнеркәсіптің жекелеген секторларындағы жағдайын жақсартуына, сөйтіп өздерінің бәсеке қабілеттілігін көтеруге мүмкіндік берген. Нәтижесінде осындай салалар қара металлургия, химия, өздерінің өндірісін модернизациялай алды. Бұл олардың шығаратын өнімдерінің бәсеке қабілеттілігін арттыруына себін тигізді. Осылайша Америка Құрама Штаттарының әкімшілігі импортты айтарлықтай өнімді машиналарға, құрал-жабдықтар мен технологияларға тиімді капиталдарды салу үшін, өндірісті модернизациялау үшін қосымша ынталандырғыш ретінде пайдаланды. Әрине осындай іс-әрекеттер Америка Құрама Штаттары экономикасының салалық құрылымын оптимизациялауға алып келді.

Біздің республикамызға қатысты сөз қозғайтын болсақ, импорттың құрылымының өзгергенін, оның өсуі өндірісі дағдарысқа байланысты төмендеп отырған тауарлар рыногында байқалып отыр. Машина жасау, азық-түлік өнімдерінің импортында өсу тенденциясы байқалады. Осы ретте сәйкес тауарлардың тобында импорт экспорттың үлесінен сәл асып түседі. Республикамызда машина жасау өнімдерінің импорты сол өнімдердің экспортынан 22,8 есе, азық-түлік бойынша 1,6 есеге артық. Нәтижесінде республиканың импорты өндірісті түгелімен құртуға себін тигізеді, ақырында экономиканың салалық құрылымын ауырлатады. Әрине, осындай жағдайда оптимизациялау жөнінде сөз қозғаудың да қажеті жоқ.

Туындап отырған жағдайда салалық құрылымды оптимизациялау жөніндегі іс-шаралар мемлекеттің экспорттық қызметке араласуының күшеюі арқылы басталуы керек. Ең алдымен бұл импорттық кеден баждарын төмендету, экспорттық өнімді өндіруге қажетті жинақтауға қатысты кері схеманы қолдану жолдарымен экспортты ынталандыратын іс-шараларды қабылдау қажет. Оларды бірінші кезекте машина жасау, химия,



жеңіл және тамақ өнеркәсібінде қолдану қажет. Осы ретте осы салалардағы ахуалдарды өндірілетін өнімнің ерекшелігіне, өндірістің технологиялық жағдайы мен сол тектес шетел компанияларының саясатына байланысты факторлардың жиынтығы анықтайтынын айта кеткеніміз жөн. Мысалға, химия өнеркәсібіне зор көлемде капиталдың сіңісуі тән, өйткені осы салада ұзақ уақыт бойы өнімнің жаңа түрінің технологиясына жетекшілікті сақтап тұру қиынырақ болып табылады. Сондықтан да шетелдік компаниялар тұтынушыларға жететін жолды қысқартып, осы өндірісті өткізетін елдің аумағына орналастыра бастады. Қазақстанның Үкіметіне осы ахуалды өзіміздің химия өнеркәсібімізді дамытуға пайдалануымызға болады. Бізде осы секторда айтырлықтай іске қосылмаған өндірістік қуаттар баршылық. Республикамыздағы бар химиялық кәсіпорындарға полимерлік материалдардың, минералдық тыңайтқыштардың, мұнай химия өндірісін араластырған абзал болар еді.

Сонымен «салалық құрылымды оптимизациялау» дегеніміз ұлттық экономиканың әлемдік рыноктағы бәсекеабилеттілігін анықтайтын, экономикалық пайданы көбейтетін және еліміздің экономикалық қауіпсіздігін қамтамасыз ететін өндірісті приоритетті дамыту. Бұған қосымша ресурстар есебінен емес, экспорттық және онымен байланысты өндірісті дамыту арқылы қол жеткізуге болады.

Ұлттық экономиканы ашық экономикаға айналдыру заңды және қарама-қайшы процесс болып табылады. Осы жағдай былай түсіндіріледі, мемлекет сыртқы экономикалық қызметті кеңейтуге ғана емес, сонымен бірге отандық өндірушілерді сыртқы ортаның әсерінен қорғаумен түсіндіріледі. Осылайша дамушы елдер мен өтпелі кезең экономикасындағы елдер үшін рыноктың ашықтығымен қатар, қорғау қиындық тудырып, асиметрия құбылысы пайда болады. Осы қиындықтарды өзара толықтыру, ұлттық экономиканың ашықтығы және қорғау негіздерінде жүзеге асырылады. Осы қиындықты шешудің негізгі құралы ретінде экспорттың жаппай қысқаруын болдырмауға бағытталған мемлекеттің экспорттық стратегиясы болып табылады.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1 Мейірбеков А. Қ. Кәсіпорын экономикасы: оқу құралы.- Алматы: Экономика, 2010. -384 б.

2 Темірбекова А. Б. Экономикалық теория: оқу құралы.- Алматы: Экономика, 2008. -275 б.;

3 Осипова Г. М. Экономикалық теория негіздері: оқу құралы.- Алматы, 2002. -316 б.

### ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ КӘСІПКЕРЛІК ДАМУЫНЫҢ ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙЫ МЕН ТЕНДЕНЦИЯСЫ

ИСЕЕВА А. Д.

студент, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

САДЕНОВА С. Н.

аға оқытушы, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

Нарықтық қатынастар аясында жүзеге асырылып жатқан кәсіпкерлік қызметтің мемлекет тарапында және экономика өмірінде алатын орны зор. Қазіргі экономикалық өркениетті дүниенің құрылымдық даму жүйесіндегі болашағы келтірмейтін салалардың бірі – шағын кәсіпкерлік болып табылады.

Бүгінгі таңда республикамызда экономиканы қайта құру жолында оның негізі болып табылатын кәсіпкерлік қатынастарды дамытып, жандандыру күн тәртібіндегі негізгі мәселелердің бірі. Оның негізгі маңыздылығын ҚР-ы Президентінің «Қазақстан-2050» Қазақстан халқына жолдауында: «Ұлттық қордың ресурстары экономиканы әрі қарай қайта құрылымдауға бағытталатын болады. Нақты айтқанда, көліктік, энергетикалық, индустриялық және әлеуметтік инфрақұрылымдарды, шағын және орта бизнесті дамытуға бағытталады» деп аталынған.

Сондықтан шағын кәсіпкерлікті дамытуды басқару еліміздің жүзеге асырып жатқан саясатының стратегиялық мәселесі болып табылады. Қазақстан Республикасындағы шағын кәсіпкерлікті дамытуды басқару мен оны қолдау мәселелерін зерттеу болып табылады, яғни қолдау оның даму үрдістерін айқындаумен оған мемлекеттік қолдау қажеттілігін негіздеуді талдау.

Кәсіпкерлік дегеніміз – ол жеке бизнесті ұйымдастыра білу және осы жеке бизнесті жүзеге асырумен байланысты функцияларды табысты, тиімді түрде іске асыру болып табылады.

Жалпы кәсіпкерлік қатнастарды қарастырудың алғашқы сипаты – олардың субъектісі мен объектісі. Кәсіпкерліктің субъектісіне

экономикалық қызметке қатысушы түрлі мүшелерді, алдымен жеке дара индивиттерді жатқызамыз, содан соң кәсіпкерлік қызметті бір топ адамдар жүзеге асыратын ұйымдар, яғни акционерлік қоғамдар, кооперативтер, шаруашылық серіктестіктер.

Ал кәсіпкерліктің объектісі – ол адамның белгілі бір қызметі, нақты жағдайда: новаторлық, жаңашылдық, ерекше мағынадағы өндіріс, айырбас, бөлудің әртүрлі факторларын қосу. Кәсіпкерліктің соңғы нәтижесі - өндірілген өнім мен қызмет.

Сонымен қатар, кәсіпкерлікті процесс ретінде қарастыруға болады, ол төрт сатыдан тұрады:

- жаңа идеяларды іздестіру мен бағалау;
- бизнес-жоспарды құру;
- қажетті ресурстарды іздеу;
- құрылған кәсіпорынды басқару.

Бұл аталған сатылар бір –бірімен тығыз байланысты. Бірінші кезеңде, барынша көп табыс келтіру - кәсіпкерліктің ең қозғаушы факторы. Кәсіпкерлер өзіне тиімді өзгерістер, яғни жұмыстарына жаңалықтарды енгізеді, мақсаты – пайда табу. Нарыққа жаңа тауар ұсынған алғашқы фирма оларды белгілі бір уақытқа дейін баламалы күннан жоғары бағамен сатады. Міне осы қабілет әдеттегіден ерекше шешім қабылдау қабілетін және іске шығармашылықпен қарау іскерлік әлемде жоғары бағаланады.

Екінші кезеңде, ең күрделі мәселе – бизнес-жоспарды құру методологиясы жатады, яғни өзіне нарық сегменттерін қосатын, оның көлемін және негізгі сипаттамаларын, маркетинг жоспарларын, өндіріс және қаржылық жоспарларды қамтамасыз ету.

Үшінші кезеңде, ең бастысы қандай ресурстар қажеттігін нақты бағалау; бастапқы деңгейден қайталама деңгейді ажырата білу; ресурстар жетіспеушілігімен байланысты теріс зардаптады бағалу жұмыстары жүзеге асырылады.

Төртінші кезеңде, пайда болған кәсіпорынды басқару. Ол нақтыланған өнім стилінің басқарушысынан тұрады, ұйымдық құрылым құруды ұйымдастыру, табыстың шешуші тетіктерін және де әлсіз жақтарын табу арқылы қызметтің бағалануы арқылы шешім қабылдаудан тұрады.

Шағын кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау саясатының жалпы мақсаты – ол шағын кәсіпкерлікке қолайлы ортаны қалыптастыру болып табылады, яғни экономикалы саясаттың тұрақтылығы, нарықтық инфрақұрлымның дамуы, интеллектуалды меншікті қолдаудың тиімді жүйесі, жеңілдетілген әкімшілік талаптар, жеке

бастамшылыққа дем беретін идеологиялық жағдайлар және тағы басқалар.

Қазақстан Республикасындағы кәсіпкерлік қызметтің қазіргі жағдайының өсу көрсеткіштері өте жоғары. Кәсіпкерлікке меншік нысандары және мөлшері бойынша тіркелген заңды тұлғалар саны 1-кестеде және 1-суретте келтірілген.

1 кесте – 2014 жылғы 1 қаңтардағы меншік нысандары және мөлшері бойынша тіркелген заңды тұлғалар саны, бірлік

	Барлығы	Оның ішінде меншік нысандары бойынша				
		мемлекеттік	жеке	одан		шетелдік
				мемлекеттің қатысуымен (шетелдің қатысуынсыз)	бірлескен кәсіпорындар (шетелдің қатысуымен)	
Қазақстан Республикасы	338 981	27 637	293 239	996	10 346	18 105
Шағын кәсіпорындар	322 121	18 416	286 237	690	9 893	17 468
Орта кәсіпорындар	14 427	8 250	5 688	203	319	489
Ірі кәсіпорындар	2 433	971	1 314	103	134	148

1-кестеде берілген мәліметтер бойынша жалпы елімізде тіркелген заңды тұлғалардың саны 338 981 бірлікті құрайды. Оның ішінде меншік нысандары бойынша мемлекеттің қатысуымен құрылған шағын кәсіпорындар 690, орта кәсіпорындар 203 және ірі кәсіпорындарда бұл көрсеткіш 103 бірлікті құрайды. Бірлескен (шетелдің қатысуымен) кәсіпорындардың оның ішінде шағын, орта және ірі кәсіпорындарды қоса алғандағы көрсеткіш деңгейі 10 346 бірлік. Жалпы шетелдік кәсіпорындардың саны 18 105 бірлік.

Статистика агенттігінің мәліметтері бойынша жалпы шағын, орта және ірі кәсіпкерлікпен айналысатын заңды тұлғалардың ішінде ең қарқынды дамып келе жатқан – шағын кәсіпкерлікпен айналысатын кәсіпорындар болып табылады, олар жалпы тіркелген кәсіпорындардың 95% құрайды.

Шағын және орта кәсіпкерлік халық шаруашылығын дамытуға, әлеуметтік мәселелерді шешуге, жұмыспен қамтылған қызметкерлер санын ұлғайтуға айтарлықтай әсер етеді. Жұмыс істейтіндердің саны бойынша, өндірілетін және сатылатын тауарлардың, орындалатын

жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің көлемі бойынша шағын және орта кәсіпкерлік субъектілері жекелеген облыстарда жетекші рөл атқарады.

Шағын және орта кәсіпкерліктің белсенді субъектілерінің саны 2-кестеде көрсетілген. Осы кестеде берілген шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің негізгі көрсеткіштері бойынша 2009 жылы 663 374 бірлікті құраса, 2013 жылы бұл көрсеткіш 888 233 бірлік болды, яғни өсім 33,9% құрады.



1 сурет – 2014 жылғы 1 қаңтардағы мөлшері бойынша тіркелген заңды тұлғалар үлесі

Республикадағы соңғы 5 жылдағы дамуы бойынша, Алматы облысынан басқа, өсу қарқыны байқалады. Оның екі есе және одан жоғары өсу көрсеткіштерін Астана қаласы - 128,3%, Алматы қаласы - 103,9%, Маңғыстау облысы - 99,2%, Қызылорда облысы - 87,3%, Атырау облысы - 83,8%, Ақтөбе облысы - 72,1%, және Батыс Қазақстан облысы - 59,8% көрсетіп отыр.

2 кесте – Шағын және орта кәсіпкерліктің белсенді субъектілерінің саны, бірлік

	2009 жыл	2010 жыл	2011 жыл	2012 жыл	2013 жыл	Өсу қарқыны 2013 жылда 2009 жылға қарағанда, %
Қазақстан Республикасы	663 374	661 598	846 111	809 750	888 233	133,9

Ақмола	26 755	26 704	33 050	32 046	35 097	131,2
Ақтөбе	22 848	24 091	36 052	36 168	39 328	172,1
Алматы	107 788	92 705	113 859	100 362	95 863	88,9
Атырау	18 220	24 861	31 366	31 472	33 495	183,8
Батыс Қазақстан	18 986	20 302	27 805	28 141	30 337	159,8
Жамбыл	36 688	31 938	39 916	38 582	43 658	119
Қарағанды	43 688	44 748	56 552	56 987	63 791	146
Қостанай	36 187	33 850	42 801	41 464	45 097	124,6
Қызылорда	14 557	16 227	21 803	22 924	27 269	187,3
Маңғыстау	16 480	21 967	27 923	28 678	32 835	199,2
Оңтүстік Қазақстан	122 898	113 770	135 793	111 810	125 682	102,3
Павлодар	24 150	25 041	31 675	30 539	33 783	139,9
Солтүстік Қазақстан	20 911	19 797	25 125	23 771	25 775	123,3
Шығыс Қазақстан	68 879	59 405	75 740	72 762	77 951	113,2
Астана қаласы	25 758	35 081	49 870	51 871	58 810	228,3
Алматы қаласы	58 581	71 111	96 781	102 173	119 462	203,9

Аймақтық талдау бойынша Қазақстан аумағында шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің таралуы біркелкі емес. Оны негізгі себебі осы өңірлердегі нарықтық және өндірістік инфрақұрылымның даму деңгейінің жоғарылығы, жеке аймақтарда

халықтың табысының әр түрлі болуы және шағын кәсіпкерліктің жылдам дамуы болып табылады.

Шағын және орта кәсіпкерліктің дамуы нарықты тауар және қызметтермен толықтырады, экспорттың потенциалын арттырады және жергілікті шикізат ресурстарын тиімді пайдалануға мүмкіндік жасайды.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1 Сейдахметов А.С., Елшібекова Қ.Ж., Измаханова А.Қ. Кәсіпкерлік: оқулық. - Қазақстан Республикасы Жоғары оқу орындарының қауымдастығы. - Алматы: Экономика, 2011. - 344 б.;

2 Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан халқына жолдауы;

3 Қазақстан Республикасындағы шағын және орта кәсіпкерлік: статистикалық жинақ. - Астана: ҚР Статистика агенттігі. – 2014.

#### ӨНДІРІС САЛАСЫНДАҒЫ КАПИТАЛ

КАИРГЕЛЬДИНОВ Д. М., АБДИРАИМОВ Н. Э.  
студент, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.  
СУЛТАНБЕКОВ М. Б.  
доцент, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

Капитал (немісше *kapital*, ағылшынша *capital*, латынша *capitalis* – басты нәрсе, басты мүлік, негізгі қаржы) – кең мағынада – табыс әкеле алатын нәрселердің бәрі немесе адам өзінің тіршілік әрекеті барысында тауарлар, өнімдер, т.б. өндіру, қызметтер көрсету үшін жасаған ресурстар, яки қосымша құн әкелетін құн; тар мағынада – табыстың жұмыс істеп тұрған қайнар көзі, іске қосылған өндіріс құрал-жабдығы, ақшалай қаражат, зияткерлік меншік.

Капитал деп келешек игілікті өндіруді молайту үшін пайдаланатын қазіргі игілікті айтуға болады. Капитал латын сөзінен басты мүлік деген ұғымды білдіреді. «Капитал» термині «материалдық және ақша қаражатын экономикаға, өндіріске капиталды салу» мағынасында сондай-ақ капиталдық салымдар немесе инвестициялар деп те аталады.

Ақша айналымға пайда түсіру үшін, яғни бастапқы жұмсалған сомандан артық сома алу мақсатында жұмсалған жағдайда капитал болады. Капитал айналымының жалпы формуласы мынадай:  $A-T=A'$ ; мұндағы  $A'=A+DA$ , ал  $DA$  – ақша өсімі. Ақша нарықтық

қатынастарға көше бастаған қоғамдарда капитал ретінде, яғни өсім алу мақсатында қолданылған, яғни бұл қоғамдарда капиталдың ежелгі саудагерлік және өсімқорлық түрлері болған. Саудагерлер тауарларды сатып алу-сату арқылы баға деңгейінің ауытқуынан пайда түсіріп, капиталын арттырып отырған. Өсімқорлар ақшасын шаруаларға, қолөнершілерге, ақсүйектерге қарызға беріп, олардан осы ақшаның төлемдік өсімін алып, қаражатын молайтқан. Екі жағдайда да ақша қосымша ақша әкеліп, өзін-өзі өсіреді.

